

**Кентау қалалық мәслихатының 2016 жылғы 25 наурыздағы № 6 "Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" шешімінің күшін жою туралы**

Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қалалық мәслихатының 2018 жылғы 29 наурыздағы № 145 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 17 сәуірде № 4541 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7-бабының 5-тармағына сәйкес, қалалық мәслихат ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Кентау қалалық мәслихатының 2016 жылғы 25 наурыздағы № 6 "Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 3665 нөмірімен тіркелген, 2016 жылғы 9 сәуірдегі "Кентау шұғыласы" газетінде және 2016 жылғы 8 сәуірде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне электронды түрде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. "Кентау қалалық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы мәслихат шешімі мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде "Республикалық құқықтық ақпараттық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;

3) осы шешім мемлекеттік тіркелеген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Кентау қаласының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

4) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Кентау қалалық мәслихаттың интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі

